Тексерілді:

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

### Қазан – Адал азамат «Тәуелдіздік пен Отаншылдық».

**Білім беру ұйымы:**
№15 «Жидек» бөбекжай – бақшасы» МКҚК
**Топ**:«Күншуақ» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 29 қыркүйек -3 қазан 2025-2026 оқу жылы
**Тәрбиеші:** Көптілеуова Г.Ж

| Күнтәртібі | Дүйсенбі<br>29.09.2025 ж | Сейсенбі<br>30.09.2025 ж | Сәрсенбі<br>01.10.2025ж | Бейсенбі<br>02.10.2025ж | Жұма<br>03.10.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Күй күмбірі « Адай» | Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Күй күмбірі «Балбырауын» | Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br><br>Күй күмбірі «Ақсақ құлан» | Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>Күй күмбірі «Ерке сылқым» | **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу<br>Күй күмбірі « Аққу» |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес** | **«Апта дәйексөздері» тақтасында** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін | **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме | Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **беру** | **жазылған «Отан отбасынан басталады»** » түсіндіру. **.(Адал азамат)** Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау. Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br><br>Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату | Баланызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **Адалдық әліппесі** «Достық көмек» мақсаты:балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. | **Ерте кәсіптік бағдар беру «Менің арманым» Мақсаты:** Балалардың өз болашақ мамандығын армандап айтуына жағдай жасау, сөйлеу мәдениетін дамыту. **Құрал-жабдықтар:** Қағаз, түрлі түсті қарындаштар, мамандық суреттері. | **Құқықтық сауаттылық «Мен және менің құқығым» Мақсаты:** Балаларды өз құқықтарын тануға және оны дұрыс қолдануға баулу. **Құрал-жабдықтар:** Балалардың құқығын көрсететін суреттер (ойнау, оқу, демалу, тамақтану). **Ойын барысы:** Тәрбиеші суреттерді көрсетіп: «Бұл қандай құқық?» деп сұрайды. Балалар: «Бұл – ойнауға құқым бар», | **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы «Теңге алу» (жеңілдетілген нұсқа) Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойындарға қызықтыру, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Құрал-жабдықтар:** Арнайы белгіленген орынға қойылған «теңге» (қағаз немесе пластмасса дөңгелектер). **Ойын барысы:** Тәрбиеші ортаға «теңгені» қояды. Балалар кезекпен белгіленген жерден | **Қаржылық сауаттылық«Отбасылық бюджет» Мақсаты:** Балаларды ақшаны дұрыс жұмсауға, үнемшілдікке тәрбиелеу. **Құрал-жабдықтар:** Ойыншық ақша, суреттер (азық-түлік, киім, ойыншық, кітап). **Ойын барысы:** Балаларға «отбасыға қажетті заттарды сатып алу» тапсырмасы беріледі. Әр балаға белгілі |

<table>
<tr><td></td><td>Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.</td><td>Ойын барысы: Балаларға әртүрлі мамандық суреттері көрсетіледі (дәрігер, мұғалім, полицей, жүргізуші т.б.). «Өскенде кім болғың келеді?» деген сұрақ қойылады. Балалар қалаған мамандығын қағазға суреттеп салады. Әр бала суретін көрсетіп, «Мен дәрігер болғым келеді, өйткені адамдарға көмектесемін» деп түсіндіреді.</td><td>«Бұл – оқуға құқым бар» деп жауап береді. Кейін әр бала өзіне маңызды бір құқығын атап айтады.</td><td>жүгіріп келіп, еңкейіп «теңгені» алады. Жеңімпаздар анықталады</td><td>мөлшерде ойыншық ақша беріледі. Балалар өз ақшасына қажетті заттарды таңдап алады. Кейін бірге талқылайды: «Сен не сатып алдың? Неге осыны таңдадың?»</td></tr>
<tr><td>Ертеңгілік жаттығу</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» .Адал азамат</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат .** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Б–П дыбыстарын дұрыс айту<br>**Кіріспе**<br>Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту<br>**Міндеті**<br>Б–П дыбыстарын дұрыс, анық айтуға үйрету<br>Зат есім мен сын есімді үйлестіріп айтуға дағдыландыру<br>Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту<br>**Әдіс**<br>Түсіндіру, қайталау, ойын әдісі<br>Дыбыстық | **Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** Сөздерді дыбыстық талдау<br>**Кіріспе**<br>Сөздің дыбыстардан тұратынын түсіндіру<br>**Міндеті**<br>Сөздегі дыбыстарды ретімен айту<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату<br>Дыбыстық талдау жасай білу<br>**Әдіс**<br>Қайталау, ойын, сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>"Алма" сөзін дыбыстық талдау<br>Дауысты, | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1–5 сандарын кері санау<br>**Кіріспе**<br>Балаларды кері санауға үйрету<br>**Міндеті**<br>5-тен 1-ге дейін кері санауға жаттықтыру<br>«Нешінші?» сұрағын түсіндіру<br>Сандардың ретін ажырату<br>**Әдіс**<br>Қайталау, ойын, көрнекілік<br>**Тапсырма**<br>Сан қатарын кері санау: 5, 4, 3, 2, 1<br>«Нешінші ойыншық?» ойыны<br>Заттарды ретімен қою<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Г–Ғ дыбыстарын дұрыс | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Өлеңді тыңдау және тілдің көркемдігін сезіну<br>**Кіріспе**<br>Өлең арқылы балалардың эмоциялық қабылдауын дамыту, көркем сөздерді таныстыру<br>**Міндеті**<br>Өлең мазмұнын түсіну<br>Эпитеттерді сезіну<br>Көркем сөздерді сөйлеуде қолдану<br>**Әдіс**<br>Өлең оқу, қайталау, түсіндіру<br>**Тапсырма**<br>Балаларға қысқа өлең оқу<br>Өлеңдегі эпитеттерді табу (*ақ қар, жылы күн*)<br>Сұрақ-жауап: "Саған қай сөз ұнады?"<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Буын туралы ұғым<br>**Кіріспе** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 6 саны және цифры<br>**Кіріспе**<br>Балаларды 6 санының пайда болуымен таныстыру<br>**Міндеті**<br>6 санының құрамын түсіндіру<br>6 цифрымен таныстыру<br>Заттарды санау дағдысын бекіту<br>**Әдіс**<br>Көрнекілік, әңгімелесу, ойын<br>**Тапсырма**<br>6 ойыншықты санау<br>6 цифрын көрсету<br>«Кім тез 6 зат табады?» ойыны<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулар<br>Сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>Дыбыстық жаттығу: *бал – пал, боз – поз*<br>Сурет бойынша жұмыс: *қызыл алма, үлкен кітап*<br>"Бұл не?" сұрағына қысқа жауап беру<br>Суретке қарап әңгіме құрастыру<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Әрбір сөздің мағынасы бар<br>**Кіріспе**<br>Балаларды сөздің мағынасы бар екеніне үйрету, сөзге қызығушылығын арттыру<br>**Міндеті**<br>Сөздің мағынасын түсіну<br>Сөзді дұрыс айтуға дағдылану<br>Сөздік қорын дамыту<br>**Әдіс**<br>Әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап | дауыссыз дыбыстарды бөлу<br>Ойын: "Қай дыбыс бірінші естілді?"<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1–5 сандарын тура санау<br>**Кіріспе**<br>Балаларды 1–5 сандарымен таныстыру, тура санауға үйрету<br>**Міндеті**<br>1-ден 5-ке дейінгі сандарды тура санауға жаттықтыру<br>«Қанша?» сұрағына жауап беруді үйрету<br>Заттарды санау дағдысын қалыптастыру<br>**Әдіс**<br>Көрнекілік, ойын, сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>Үстел үстіндегі ойыншықтарды санау | айту<br>**Кіріспе**<br>Дыбыстарды ажырата білуге, сөздік қорын байытуға, шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау<br>**Міндеті**<br>Г–Ғ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету<br>Синонимдерді сөйлемде қолдана білуге дағдыландыру<br>Баланың толық жауап беруіне жағдай жасау<br>**Әдіс**<br>Түсіндіру, ойын, әңгімелесу<br>Дыбыстық қайталау<br>Сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>Дыбыстық жаттығу: *гүл – ғұмыр*<br>Синонимдермен жұмыс: *әдемі – сұлу*<br>Зат есімге сан есім қосу: *үш кітап, бес алма*<br>Әңгіме жалғастыру ойыны: "Күз келді, далада…"<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Бөлмем | Сөздерді буынға бөлуге үйрету<br>**Міндеті**<br>Сөздегі буындарды анықтау<br>Буын санын айту<br>Буындардың ретін ажырату<br>**Әдіс**<br>Түсіндіру, жаттығу, ойын<br>**Тапсырма**<br>"Мектеп" сөзін буынға бөлу (*мек-теп*)<br>Буындарды шапалақтап айту<br>Буындарды санау<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>**Тақырыбы:** «Ойыншықтар әлемінде»<br>**Кіріспе:** Балаларға түрлі ойыншықтарды (қуыршақ, машина, доп, құрастырғыш) көрсету.<br>**Міндеті:**<br>Заттардың пішінін (дөңгелек, төртбұрышты, ұзын-қысқа) ажырату<br>Түстерін салыстыру және сәйкестендіру<br>Баланың сөздік қорын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру<br>**Әдіс:** Көрнекілік, сұрақ- | Табиғат әлемі<br>**Құрастыру** – табиғи материалдардан (жапырақ, бұтақша, тастар) шағын «Орман көрінісін» құрастыру.<br>**Сурет салу** – парақта «Ағаштар мен құстар» тақырыбында сурет салу (құстардың ұшып жүрген қимылын бейнелеу).<br>**Мүсіндеу** – балшықтан «Жануарлар» мүсіндеу (қоян, кірпі, т.б.), ұзын-қысқа, жуан-жіңішке белгілерін ажырату.<br>**Жапсыру** – жапырақтар мен түрлі түсті қағазды пайдаланып «Күзгі орман» панносын жапсыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Үй жануарлары»<br>**Тілдік орта** Балалар «Менің атамда сиыр бар» сияқты сөйлемдер айтады.<br>**Дыбыстық мәдениет** «қ» дыбысының сөз басындағы, ортасындағы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тапсырма**<br>"Бұл не?" ойыны<br>Заттарды атап, мағынасын түсіндіру (*доп, алма, кітап*)<br>Сөздерді сөйлем ішінде қолдану<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Ертегіні тыңдау және мазмұнын түсіну<br>**Кіріспе**<br>Балалардың ертегіні қызыға тыңдауына жағдай жасау, мазмұнын түсінуге үйрету<br>**Міндеті**<br>Ертегінің мазмұнын түсіну<br>Себеп-салдарлық байланысты байқау<br>Кейіпкерлерді ажырату<br>**Әдіс**<br>Әңгімелесу, тыңдату, сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>Ертегіні тыңдау (*Мақта қыз бен мысық*)<br>"Неге?" "Не үшін?" сұрақтарына жауап | Сан қатарын оқу: 1, 2, 3, 4, 5<br>«Қанша алма бар?» ойыны<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Аңшы мен аң»<br>**Тілдік орта** Балалар аңшы туралы әңгімелеседі: «Аңшы орманға барды».<br>**Дыбыстық мәдениет** «ң» дыбысының орнын табу («аң», «таң», «жаңбыр»).<br>**Сөздік қор** «Аң, аңшы, орманшы, қорықшы».<br>**Грамматикалық құрылым** Жіктеу: «Мен аңшымын», «Сен қорықшысың».<br>Лепті сөйлем: «Аю келеді!».<br>**Байланыстырып сөйлеу** «Аңшы орманда жүр. Ол аюды көрді». | ді реттеймін»<br>**Кіріспе:** Сыныптағы немесе үйдегі заттарды орын-орнына қоюды көрсету.<br>**Міндеті:**<br>Кеңістікте бағдарлауды үйрету (жоғары – төмен, алда – артта, оңда – солда)<br>Заттардың орналасу орнын дұрыс анықтай білуге үйрету<br>Балаларды ұқыптылыққа, тәртіпке дағдыландыру<br>**Әдіс:** Практикалық жұмыс, ойын, сұрақ-жауап<br>**Тапсырма:**<br>«Затты орнына қой» ойыны – үстел үстіндегі заттарды көрсетіп, балаларға «Қуыршақты үстелдің үстіне қой», «Допты үстелдің астына қой», «Кітапты орындықтың үстіне қой» деп тапсырма беру.<br>Балалар заттарды дұрыс орналастырып, өз іс-әрекеттерін сөзбен айтып береді.<br><br>**Музыка маман** | жауап, ойын арқылы үйрету<br>**Тапсырма:**<br>«Қайсысы дөңгелек?» ойыны – балаларға әртүрлі пішіндегі заттарды көрсетіп, дөңгелек пішінділерін табу.<br>«Түстерді тап!» – балаларға қызыл және көк түсті ойыншықтарды бөліп көрсету.<br><br>**Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша** | соңындағы орнын табу («қора», «соқпақ», «балақ»).<br>**Сөздік қор** «Қора, жайлау, қыстау, жем, соғым».<br>**Грамматикалық құрылым** Тәуелдеу: «менің қорам», «сенің соғымың». Сұраулы сөйлем: «Бұл не?»<br>**Байланыстырып сөйлеу** Сурет бойынша әңгіме: «Қорада қой тұр. Қой шөп жеп жатыр».<br>**Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беру<br>Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау<br><br>**Музыка маман жоспары бойынша** | **Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша** | **жоспары бойынша** | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Аула тазалаушыны бақылау**<br>**Мақсаты**: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау | **Күзгі желді бақылау**<br>**Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстары,желдіңсоғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара | **Гүлзарларды бақылау**<br>**Мақсаты**: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру .<br>**Бақылау**<br>Күн жылы болып, кун сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы | **Күзгі жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру.<br>**Бақылау:** шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қаңқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? ( оларға суық болды) Олар қайда тығылды? ( | **Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты**: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.<br>**Тақпақ:**<br>Күзде жауын. Бұлт. Тұман<br>Сары жапырақ жауады.<br>Сары құйын ұйтқыған<br>Сапырады ауаны<br>Тапталады табанға<br>Судыр- судыр жапырақ<br>Өртгей сары бояуға<br>Малынғандай атырап. М. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз:**<br><br>Қамымызды ойлайды<br>Тазалайды жинайды<br>Құрметтейміз бәріміз<br>Тазалықшы ағайды<br>Қараңдаршы, жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді.<br>Ол кісінің қолында қандай құралдары бар?<br>Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді | жатқан бұлттарды бақылау.<br>Жапырақтардын желден сыбдырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) .<br>Жерге түскен жапрырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау.<br>Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка ), желбіреуішпен.<br>**Көркем сөз:**<br>- Бұлт-ау көктен төнесің,<br>Қайдан көшіп келесің,<br>- Мухит үрлесе, желемін! | өсіп, гүлдейді.<br>Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.<br>**Тақпақ:**<br>Гүл өсірем үйде<br>Су құямын күнде<br>Гүл күткенді біледі<br>Бойын сылап сүйеді<br>Күнде гүлін ашады<br>Жұпарын маған шашады<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Қимыл – қозғалыс ойын**<br>«Мысық пен торғайлар».<br>**Мақсаты:**<br>жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету,<br>**Еңбек алаңында жұмыс істеу :**<br>Гүлұрықтарын сіріңке | ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу.<br>**Көркем сөз:** «Көбелек»<br>Көбелек –ау, көбелек!<br>Әдемісің керемет<br>Гүлге келіп қона ғой<br>Өзің де гүл бола ғой.<br>**Қозғалмалы ойын:**<br>«Инеліктің әні»<br>**Мақсаты:** сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігінжетілдіру.<br>**Еңбек алаңында жұмыс істеу:**<br>ағаштардан кепкен бұтақтарды алып тастау, жапырақтарды жинау.<br>**«Теңге алу» ойыны**<br>Ұлттық ойын ұлт қазынасы.<br>Адал азамат | Әлімбаев<br>**Қозғалмалы ойын:**<br>«Ұшақтар».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>**Алаңдағы еңбек:**<br>құстарғажемсалғыш жасау.<br>**«Бес тас » ойыны**<br>Ұлттық ойын ұлт қазынасы.<br>Адал азамат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ластауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? **Мақсаты:** қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. **Қимыл – қозғалыс ойын:** «Жапалақ» **Мақсаты:** Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді. **Еңбек алаңында** | Жел үрлесе желемін! **Қимыл – қозғалыс ойын** «Ұшақтар». **Мақсаты** : әр – түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру. **Алаңдағы еңбек** . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау.<br><br>**«Қыз куу» ойыны** Ұлттық ойын ұлт қазынасы. Адал азамат | қорапшасына жинау**.** **« Ханталапай» ойыны .** Ұлттық ойын ұлт қазынасы. Адал азамат | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жұмыс істеу:** қоқыстарды белгіленге орынға жинау. **« Ақсүйек » ойыны** Ұлттық ойын ұлт қазынасы. Адал азамат | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кешкі ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Серуенде жинап алып келген жапырақтарын лупамен , жарық түсіру арқылы зерттеру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша жапырақтарды бастыру әдісі арқылы суретін салу. Ермексаздан ағаштар мен жапырақтар жасап, әр баланың ағашын жинап ортаға қойып, күзгі бақты жасау. Түрлі түсті қағаздарды қиып жапырақтар жасап, ағаштардың арасына салу. **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)** | Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық жұмыстар **(Шығармашылық іс-әрекет),** | Өз өзіне көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстары. **(еңбек іс-әрекеті)** Қандай тазалық жұмысын жасағанын бейнелеу. **(бейнелеу іс-әрекеті)** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтардан алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **(бейнелеу іс-әрекеті)** Ертегілерді үтел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Терезеге карап, күзгі табиғатты бейнелеу. **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан экибано құрастыру **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Нұрасыл ,Аяла ою-өрнектерінің түрлерін таныстыру | Темірлан, Томирис құстарды ажыратуға, пайдасы туралы айтуға, қамқорлық жасауға баулу | .Айым,Айару салыстыру тәсілдерін қолдануға үйрету | Райана.С,Заңғар әңгімелесушіні мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйрету | Алихан,Айару,Наргиз заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыра алуына көмектесу |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | Арқан тартыс<br>**Мақсаты:** Күш пен төзімділікті дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек әрекеті:** Спорттық құралдарды орналастыру.<br>**Қимылды ойын:** Балалар екі топқа бөлініп, арқанды тартады. Қай топ сызықтан асыра тартса, жеңімпаз атанады. | Допты дәл жеткіз<br>**Мақсаты:** Қолдың ептілігін, дәлдікті дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** Доптарды жинау.<br>**Қимылды ойын:** Балалар бір-біріне допты домалатады. Белгіленген жерге кім тез жеткізсе, сол жеңеді. | Жалаушаны ал<br>**Мақсаты:** Жылдамдық пен батылдықты дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** Жалаушаларды орнату.<br>**Қимылды ойын:** Ортаға қойылған жалаушаны екі бала жарыса жүгіріп алып келеді. | Кім тез жинайды?<br>**Мақсаты:** Шапшаңдық, зейінді дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** Кубиктерді, ойыншықтарды бөлу.<br>**Қимылды ойын:** Балалар шашылған ойыншықтарды белгі бойынша тез жинайды. | Кедергіден өт<br>**Мақсаты:** Ептілікті, батылдықты дамыту.<br>**Еңбек әрекеті:** Кедергілерді орнату.<br>**Қимылды ойын:** Балалар белгіленген кедергілерден (сызық, шеңбер, қақпа) кезекпен өтеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.<br><br>Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ата-анамен жол ережелері туралы әңгімелесу.<br>Мақсаты: Жол қозғалысы,жол ережелері туралы мағлұмат алмасу.<br>**Адал азамат** | Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру)<br>. Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.**Адал азамат**<br>Әңгімелесу.<br>Бала бос уақытында немен айналысады?<br>Мақсаты:Балалар демалыс кезінде пайдалы іспен айналысатыны жөнінде ұғындыру | Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут .Адал азамат** | Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме.<br>Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** )<br>Ойын: Қарама-ұғымдар.<br>Мақсаты жақсы мен жаман қасиеттерден аулақ болуға үйрет у. | Өнегелі 15 минут»<br>**Адал азамат -** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>Әңгімелесу.<br>Бала бос уақытында немен айналысады?<br>Мақсаты:Балалар демалыс кезінде пайдалы іспен айналысатыны жөнінде ұғындыру. |

Тексерілді: [signature]

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қазан айы**

**Қазан – Адал азамат «Тәуелдіздік пен Отаншылдық».**

**Білім беру ұйымы:**
№15 «Жидек» бөбекжай – бақшасы» МКҚК
**Топ**:«Күншуақ» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 6 қазан -10 қазан 2025-2026 оқу жылы
**Тәрбиеші:** Бәшентаева Ф. К

| Күнтәртібі | Дүйсенбі 06.10.2025 ж | Сейсенбі 07.10.2025 ж | Сәрсенбі 08.10.2025ж | Бейсенбі 09.10.2025ж | Жұма 10.10.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Қызыл телпектің қонаққа келіп қарсы алуы. Күй Күмбірі «Қос алқа» | Жүрекшемен Қарсы .алу. Күй Күмбірі «Адай» | Көңілді Әуенмен Қарсы алу.Күй күмбірі. «Балбырауын» | Көктүстішармен қарсы алып,аспанымыз ашық болсын деп тілек айту.Күй күмбірі. « Саржайлау» | Достарына сәлемдесіп, қарсы алу. Күй Күмбірі «Табиғат» |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **«Апта дәйексөздері» тақтасында жазылған «Отансыз адам орманcыз - бұлбұл»** » түсіндіру. | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым- | Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің | **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын | Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **.(Адал азамат)** Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау. Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | қатынасын орнату; | қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. | дәруменге бай етіп дайындаңыз. | райына сай нұсқалар ұсыныңыз. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Электронды әлемнің мақсаты – заманауи цифрлық технологиялар мен интернетті қолдану арқылы ақпаратты жылдам тарату, байланыс орнату және өмірді жеңілдету жайлы әңгіме.**«SMART BALA»** | Салт-дәстүрлерге қатысты тақырыпта сурет бойынша әңгімелесу. Тұсаукесер рәсімімен таныстыру, тұсау кесуге арналған ала жіпті өріп жасау.**Адал азамат** | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жас метеоролог» экологиялық бағытта танымдық, эксперименталдық іс-әрекет **Адал азамат** | «Күзгі бақ», «Сиқырлы жапырақтар» Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру **Экологиялық мәдениет, экологиялық тәрбие** | Жедел қызметтің телефон нөмірлері, қауіпсіз терезелер жайлы ақпарат беру, **Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат** | | | | |
| **Таңғыас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** К–Қ дыбыстарын дұрыс айту<br>**Кіріспе**<br>Балаларды к–қ дыбыстарын ажырата білуге, сөздік қорын толықтыруға баулу<br>**Міндеті**<br>К–Қ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету<br>Антонимдерді меңгерту<br>Сын есім мен зат есімді сәйкестендіріп қолдануға дағдыландыру<br>**Әдіс**<br>Қайталау, ойын, әңгімелесу<br>Сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>Дыбыстық жаттығу: *қала – кала*<br>Антонимдер: *жылы – суық* | **Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстарды ажырату<br>**Кіріспе**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды бекіту<br>**Міндеті**<br>Дыбыстардың түрлерін ажырату<br>Сөзден дыбысты таба білу<br>Артикуляцияны жетілдіру<br>**Әдіс**<br>Қайталау, әңгімелесу, ойын<br>**Тапсырма**<br>Сөздерден дауысты дыбысты табу<br>Сөздерді дауысты, дауыссызға бөлу<br>"Дыбысты тап" ойыны | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 8 саны және цифры<br>**Кіріспе**<br>8 санының пайда болуын көрсету<br>**Міндеті**<br>8 санына дейін тура санау<br>8 цифрымен таныстыру<br>Заттарды санауда дәлдікке үйрету<br>**Әдіс**<br>Көрнекілік, жаттығу, ойын<br>**Тапсырма**<br>8 ойыншықты санау<br>8 цифрын көрсету<br>«Кім бірінші 8 зат табады?»<br><br>**Қоршаған әлеммен танысу**<br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау**<br>**Тақырыбы:** «Балабақша ауласындағы заттар» | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Жазуға дайындық<br>**Кіріспе**<br>Қолды жазуға дайындау, дұрыс отыруға үйрету<br>**Міндеті**<br>Арқаны дұрыс ұстау ережесін меңгеру<br>Жазу құралын дұрыс ұстауға дағдылану<br>Сауат ашуға қызығушылық тудыру<br>**Әдіс**<br>Түсіндіру, көрсету, жаттығу<br>**Тапсырма**<br>Дұрыс отыруды көрсету<br>Қарындашты дұрыс ұстауға жаттығу<br>Сызық, дөңгелек салу<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Ертегілер жанрын ажырату<br>**Кіріспе**<br>Балаларды ертегілерді басқа жанрлардан айыруға үйрету | **Қазақ тілі**<br>«Астық – дән байлығы»<br>**Тілдік орта** Балалар нан туралы пікір білдіреді: «Нан – дәмді», «Бидайдан нан піседі».<br>**Дыбыстық мәдениет** «д» дыбысының орнын табу («дән», «суару», «құдық»).<br>**Сөздік қор** «Бидай, дән, тұқым, ору, отау».<br>**Грамматикалық құрылым** Септеу: «дәннен», «бидайға». Сұраулы сөйлем: «Бидайдан не жасалады?».<br>**Байланыстырып сөйлеу** «Ауылда бидай орады. Дәннен ұн жасайды. Ұннан нан пісіреді».<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 9 саны және цифры |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сын есім + зат есім: *үлкен үй, кішкентай бала*<br>"Егер мен құс болсам…" әңгіме құрастыру<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Буыннан сөз құрастыру<br>**Кіріспе**<br>Буындардан сөз құрастыруға жаттықтыру<br>**Міндеті**<br>Буыннан сөз жасауға үйрету<br>Дыбыстарды дұрыс айтуға баулу<br>Сөздік қорды дамыту<br>**Әдіс**<br>Ойын, қайталау, жаттығу<br>**Тапсырма**<br>Буындардан сөз құрастыру (*а-та, ба-ла*)<br>Ойын: "Қай буыннан сөз шығады?"<br>Құрастырған сөзді сөйлем ішінде қолдану | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 7 саны және цифры<br>**Кіріспе**<br>7 санының пайда болуымен таныстыру<br>**Міндеті**<br>7-ге дейін тура санау<br>7 цифрымен таныстыру<br>«Қанша?» сұрағына жауап беру<br>**Әдіс**<br>Көрнекілік, ойын, сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>7 қарындашты санау<br>7 цифрын жазып көрсету<br>«Артық затты тап» ойыны<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Сүт тағамдары»<br>**Тілдік орта** Балалар сүт өнімдері туралы ой бөліседі:<br>«Мен айран ішемін», «Маған | **Кіріспе:** Сырғанақ, әткеншек, гүлзарды көрсету<br>**Міндеті:** Балаларды кеңістікте бағдарлай білуге үйрету<br>**Әдіс:** Серуен, тәжірибелік тапсырма<br>**Тапсырма:** «Қайда орналасқан?» – заттың орнын анықтап айту (оң жақта, сол жақта, алдында, артында)<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Ж–Ш дыбыстарын дұрыс айту<br>**Кіріспе**<br>Ж–Ш дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөздік қорды байыту<br>**Міндеті**<br>Ж–Ш дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру<br>Көп мағыналы сөздерді түсіндіру<br>Баланың диалог құру дағдыларын дамыту<br>**Әдіс**<br>Қайталау, ойын<br>Сұрақ-жауап<br>Әңгімелеу<br>**Тапсырма**<br>Дыбыстық | **Міндеті**<br>Ертегіні әңгімеден, өлеңнен ажырата білу<br>Ертегідегі қиял элементтерін табу<br>Кейіпкерлерге баға беру<br>**Әдіс**<br>Түсіндіру, салыстыру, ойын<br>**Тапсырма**<br>Ертегі оқу (*Алтын сақа*)<br>Ертегі мен әңгімеден айырмашылығын айту<br>"Жақсы кейіпкер – жаман кейіпкер" ойыны<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Көлік және байланыс құралдары**<br>**Тақырыбы:** «Арнайы көліктер»<br>**Кіріспе:** Өрт сөндіру, жедел жәрдем, полиция көліктерін суреттен немесе ойыншық түрінде көрсету<br>**Міндеті:** Балаларды арнайы көліктердің қызметімен таныстыру<br>**Әдіс:** Әңгімелеу, көрнекілікпен жұмыс<br>**Тапсырма:** «Кімге көмектеседі?» – балалар көлік түрін атап, оның міндетін айтады | **Кіріспе**<br>9 санының құрамын түсіндіру<br>**Міндеті**<br>9-ға дейін санау<br>9 цифрымен таныстыру<br>Сандардың ретін бекіту<br>**Әдіс**<br>Көрнекілік, ойын, сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>9 алма санау<br>9 цифрын көрсету<br>«Нешеу қалды?» ойыны<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу** Құрастыру<br>Үй жануарлары<br>**Құрастыру** – конструктор бөлшектерінен «Мал қорасын» құрастыру.<br>**Сурет салу** – үй жануарларын әртүрлі қимылда бейнелеу («Жем жеп тұрған сиыр», «Жүгіріп жүрген ит»).<br>**Мүсіндеу** – балшықтан үй жануарларын мүсіндеу (қой, сиыр, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әңгіме мазмұнын түсіну<br>**Кіріспе**<br>Әңгіме тыңдау арқылы оқиғалардың ретін түсінуге үйрету<br>**Міндеті**<br>Әңгіменің мазмұнын түсіну<br>Себеп-салдарлық байланысты анықтау<br>Әңгімедегі әрекеттерді бағалау<br>**Әдіс**<br>Оқу, әңгімелеу, сұрақ-жауап<br>**Тапсырма**<br>Әңгіме оқу (*Достық туралы*)<br>"Алдымен не болды? Кейін не болды?" талдау<br>Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау<br><br>**Музыка маман жоспары бойынша** | құрт ұнайды».<br>**Дыбыстық мәдениет** «ұ» дыбысының орнын анықтау («құрт», «шұбат», «құлын»).<br>**Сөздік қор** «Құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран».<br>**Грамматикалық құрылым** Тәуелдеу: «менің айраным», «сенің қымызын».<br>Хабарлы сөйлем: «Бұл – құрт».<br>**Байланыстырып сөйлеу** Сурет бойынша әңгіме: «Әже құрт жасады. Біз қымыз іштік».<br><br>**Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша** | жаттығу: *жол – шол, жем – шем*<br>Көп мағыналы сөздер: *бас – адамның басы, тау басы*<br>Сан есім + зат есім: *екі қоян, төрт қарындаш*<br>Ертегіні жалғастыру<br><br>**Музыка маман жоспары бойынша** | **Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша** | жылқы).<br>**Жапсыру** – үй жануарларының бейнесін қағаздан қиып, қора ішінде орналастыру.<br><br>**Дене тәрбиесі маман жоспары бойынша** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенгедайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
